



Barigantac

1871

Қалмұқан  
Исабай



## ҚАНЫШ АҒА ОСЫНДАЙ ЕДІ...

### ЖАНАШЫР

...Алматыға көшіп келейін. Ендігі ойым – осында тиянақты бір қызметке орналасу. Ағайын, туыс, жолдас-жоралар Одақтық Ғылым Академиясының қазақстандық филиалының төрағасы Қаныш Сәтбаевқа жолығу ақылын айтты. «Қазір ол филиалды республика Ғылым Академиясына айналдыру камында төңірегіне көп адам жинап жатыр», – деді.

Ол күнді мен өмірімде ұмытпаймын – 1944 жылдың мамыр айының бір тамылжыған күні қазіргі «Қарасай» (бұрын «Виноградов») мен «Ш.Уәлиханов» (бұрынғы Красин) көшелерінің қиылысындағы екі қабатты еңселі үйлердің бірі филиал ғимараты екен. Онсыз да шағын қабылдау бөлмесі толы адам. Арасынан погонсыз әскери киімсіз орыс, қазақ та кездеседі. Біреулер кезек күтпей-ақ кіріп-шығып жүр кабинетке – тегі өз қызметкерлері болу керек. Токетері, бір уақытта өзіме де кіру кезегі келді-ау. Төрде отыр екен. Газеттен суретін көргенім бар. Тани кеттім. Өзі. Мені орнынан көтеріліп, қолдасып амандасып,



қарсысындағы орындықтардың бірін көрсетіп қарсы алды. Отырдым.

– Құлағым сізде, – деді еңсесін маған қарай бере түсіп.

– Қызмет іздеп жүр едім.

– Аты-жөніңіз?

Атадым.

– Мамандығыңыз?

– Юриспін. Заң институтын 1941 жылы бітіргенмін.

– Біз қазір республика академиясын құру

қамындамыз. Заң секторын ашпақ ойымыз бар. Біліміңіз жоғары екен. Елімізге ғалым көп керек. Аспирантураға түсіңіз, – деді.

Сол уақытта әйелім филологиядан ғалым боламын деп, аспирантурада оқып жүрген. Соғыс уақыты мынау. Бір үйден екі аспиранттың шығуы ауыр тиетіні белгілі. Осыны айтып едім Қаныш ағай аз-кем ойланып отырып, бір уақытта басын көтерді.

– Шаруашылық жұмысына қалайсыз?

– Енді... Шаруашылықпен көз ашқан қазақпыз ғой.

– Филиалдың жұмысшыны жабдықтау бөлімі (ОРС) бар. Соның бастығына орынбасар болып барасыз ба?

– Барайын, – дедім мен.

Қаныш ағайдың жазып берген қағазы бойынша кадр бөлімінен өтіп, аталған қызметке орналастым. Бастығы Сацеевич деген латыш екен. Сонымен бірер ай жұмыс істеп жүріп қала мен облыстың шаруашылық мекемелерін, жалпы шаруашылық тынысымен танысып алдым.

Сол жылы Латвия фашистер басқыншылығынан азат етілгеннен кейін Сацеевич еліне қайтып, оның орнын мен бастым.

Филиалдың құрамымен де таныса бастадым. Өйткені оның институттары, бөлімдері, секторлары шаруашылықтарын ұйымдастырып, осы бағытта жоғын тауып беру ОРС-тың мойнында. Әуел баста Алматыда Одақтық академияның екі секторы бар базасы болады екен. Содан кейін ғылымды өрістетудің жаңа формасы ретінде база филиалға айналдырылады. Бұл уақытта оның бес секторы, бар-жоғы 3 ғылым докторы, 14 ғылым кандидаты, 70-тен астам ғылыми қызметкері болады екен. Өзім атап отырған қызметке орналасқан жылы филиалда Топырақтану, Жаратылыстану, Геология, Тау-кен, Энергетика және экономика, Зоология, Өлкелік паталогия институттары мен толып жатқан секторлары құрылды. Осылардың бәріне үй-жай, жиһаз, қағаз-қалам, машинка, көлік, тіпті

азық-түлік тауып беру ОРС-тың мойнында, зыр жүгіремін...

Осы тұста мен Бөкеннің сөзін бөлдім.

– Ол жылдардағы Алматы белгілі ғой. Екі-үш қабат үйлер санаулы ғана. Сонда ол бәріне қайдан табыла берген?

– Сен аталған институттардың бүгінгі канат жайған шағын көз алдына елестету әсерімен қойып отырсың ғой бұл сұрақты. Жамбыл мен Байтұрсынов көшелерінің қиылысындағы, қазіргі Энергетика институтының ғимараты түгелдей бізге берілген. Соны институттарға бөлген уақытымызда әрқайсысына 2-3-тен, секторларға бір-бірден бөлме тиді. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан институттардың да сығылыса түсуіне тура келді. Ол кезде институттарда адам аз. Сонда да кейбір бөлмелерге қойылған столдар арасынан олай-былай өтіп жүру оңай болмайтын.

Сол күндердің бірінде Қаныш аға мені шақырды.

– Соғыс салдарынан бізге «қонақ» болып жүрген Мәскеу, Ленинград ғалымдары баршылық қой. Олардың білімі мен қайраткерлігін республика ғылымын дамытуға пайдалануымыз керек. Сол себепті азық-түлікпен қамтамасыз ету жағын жақсартуды да ойластырсаңыз. Көбі қарт адамдар. Жаппай дүкенде карточкаларын ұстап ұзақ күні тұрғандары. Ал ол бізге керек уақыт. Мен қалалық кеңес төрағасымен ғалымдарға ерекше дүкен ашуға келістім. Соның қалған ісімен айналысыңызшы.

Әңгіме басталғаннан кейін және оны Қаныштың өзі бастағаннан кейін, әсіресе дербес дүкен ашу қиынға түскен жоқ. Фурманов пен Киров (қазіргі Бөгенбай) көшелері қиылысқан жердегі дүкенді (қазір «Ландыш» деп аталады) бізге берді. Алғашқыда, әрине, қала қорынан өзімізге тиісті азық-түлікті бөлек алып, сол дүкеніміз арқылы үлестіріп жүрдік. Ғалымдарымыз ұзын тізбекте кезегін зарыға күтуден арылды. Қарт адамдар үшін мұның да үлкен жақсылық екеніне сөз жоқ. Ал үкімет бөлген азық-түлік мөлшеріне өз жанымыздан қосар ештеңеміз болмады. Осыдан кейін

маған филиалға арнап қосымша шаруашылық ұйымдастыру ойы келіп, Қанышка бардым.

– Ол шаруашылығыңызды қысқаша бейнелеп айтыңызшы, – деді.

– Малымыз болады. Көкөніс, картоп егеміз. Бұл алғашқы әрекетіміз болмақ. Содан кейін жылдан-жылға оны дамыта береміз...

– Кірісіңіз, – деді ағай. – Жалпы, Бөке, жақсы ойды іске асыруға батыл кірісіңіз. Қолыңызды ешкім қалқайды. Ақша-қаражат табамыз.

Осылай, орысша айтқанда Подсобное хозяйство (Подхоз) құрдық. Оның басына Терентий Чемасов деген шаруашылықты жақсы білетін адамды қойдық.

– Сені бұл шаруаның басына Қанышпен ақылдасып қойып отырмын, – деп едім, Терентийімнің есі шықсын.

– Мені Қаныш Имантаевич біле ме-ей? – дегенді кездескен сайын сұрайды.

– Біледі! Біледі! Фамилияңды өзі атады. Тек енді оның сенімін ақтау керек, – деймін.

– Ақтаймын! Ақтаймын, Бупеджан Аяпбергенович! – деді де сол жерде қиялдана бастады. – Малды бағу мен союға казакты, көкөніс пен картоп егуге орысты қоятын боламын.

Расында ол осылай істеді де. Әсіресе төл алу мен егіс науқандары кезінде «Подхоз» басынан күндіз-түні шықпайды. Кей түндерде сонда қонып та қалады...

Ғалымдардың карточкамен алатын азық-түлік көлемдерін өсіре бастадық.

Бірде «Қаныш шақырады» дегесін филиалға бара қалайын.

– «Подхозыңыз» қалай, Бөке? – деп қарсы алды.

– Жаман емес. Ештеп көтеріліп келеміз.

– Естіп жүрмін. Осы беттен қайтпаңыз. Соғыс бітеді. Мына «қонақтар» Мәскеу, Ленинградтарына кетеді. Ол уақытта көбейетін өз ғалымдарымызды да асырауымыз керек қой. Ал сізді шақырғаным мынау: Кеген ауданының Күрмекті деген жерінде филиалдың арқар мен казаки қойларды будандас-

тыру арқылы жүндес меринос койын шығаратын базасы бар. Тәжірибеге жарамаған жүз шакты дені сау койдың шығып қалып қойғанын айтты. Дерееу айдап алыңыз. Ол койлар ғылымға жарамағанымен өсім беруге жарар. Бірден жарқыратып, сойып тастамаңыз. Өсім алып отырыңыз. Мал төлі есебінен өседі деген. Әлі сізге қарайтын ауыз көбейеді.

Өзім де көптен бері бір ойда жүретінмін. Бізге тиісті ет есебінен Семей комбинатынан 50 сиыр, соншама жылқы берсе, біріншіден, қала қоры жеңілденіп қалар еді, екіншіден, сол малды өзіміз өсіріп көбейтетін едік те, ғалымдардың үлесін өсірер едік. Осыны Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов атына жазылған хатқа түсіріп әкелгенмін. Қаныш ағай соған көз жүгіртіп, оқып шықты да, маған тура қарады.

– Бөке–ау, мынауыңыз ғажап қой!

Сол күні Қаныш ағай атынан кеткен хатқа Оңдасынов жолдас тез жауап беріпті. Оның Семей ет комбинатына КСРО ҒА–ның қазақстандық филиалына біз сұраған малды түгел босату жөніндегі нұсқауын Қаныш аға менің қолыма ұстатып тұрып:

– «Темірді қызғанда сок» деген. Дерееу мына малды қолыңызға түсіріп алыңыз, – деді.

Сол бетіммен Семейге жүріп кеттім. Комбинат директоры қоршаудағы малды көрсетіп:

– Кеше ғана Моңғолиядан жеткізілді. Санап ала беріңіз, – деді.

Малды ет комбинатына неге әкелетіні белгілі. Ендеше деп, 50 буаз сиыр, соншама буаз бие таңдап алайын да, қызыл вагондарға артып, жеткізіп алайын Алматы өңіріне.

... Артынан филиалда бір жиналыс болды. Әңгіме – баяғы, қазақ елінің ғылымын жасау. Жиналыс үстіне Қаныш ағай маған алақандай қағаз беріп, онда жиналыстан кейін кездесуіміз керегін айтыпты. Кездестік.

– Анадағы малыңыз не болды? – деп сұрады.

- Күрмектідегі койды айдаптып алғанбыз. Ал Се-

мейден мал алып келгенімізді өзіне сол уақытта жеткізгенмін.

– Қора салуға акша бөлінген.

– Алдык, ағай. Шелек ауданының Қаражота деген жеріне кора салып жатырмыз.

– Қыс түспей бітіруге тырысыңыздар. Шөп дайындау мәселесі қалай? Әлде бұл жөнінде облыс басшыларымен өзім сөйлесем бе екен...

– Қаныш аға, бір басыңызға ісіңіз жетерлік. Шаруашылық басына қойдыңыз ғой, енді маған сеніңіз.

– Ракмет, Бөке, бәрі де көпшіліктің қамы ғой. Білейін дегенім осы жайлар еді.

– Менде де сізге айтар бір ауыз сөзім бар.

– Айтыңыз.

– Ғалымдар азық-түлігінің мөлшерін өсіре бастадық...

- Білемін, - деді Қаныш ағай. – Сәл нәрсеге мән бергіш халық қой, маған келіп алғыс айтып кеткендері де бар.

Сыртынан байқап жүрем, Қаныш ағай Мәскеу, Ленинград ғалымдарын екі-үшеуден анда-санда үйіне қонаққа шақырып тұрады екен. Ал «Подхозға» «Қаныш жіберді» деп, бұйымтайымен бір адам келген емес. Осыны айта бастап едім:

– Дастарқанбасында да көп мәселенің шешілетінін ұмытпағайсыз. Соңа соң бұл «қонақтар» бізге ғылым академиясын ашып алғаннан кейін де керек болады. Қазақстаннан ғалым көп шығу керек қой.

– Бала-шағаңыз бар. Өзіңіз де карточкаға қарап отырсыз. Базар болса анау, күйіп тұрған... – деп келе жатыр едім, ағай сөзімді шорт бөлді.

– Біз неге акша табамыз? Ал өзіңіз не айтпак едіңіз?

– Дүкенімізге өзіңізді де тіркесек...

– Оны атамаңыз. Жұрттың бәрі біздің ісімізге бірдей тілектес екен деп ойламаңыз. «Қаныш қайтып қалар екен?» деп көз тігіп отырғандар аз емес. Сіздің дүкеніңізге тіркелсем ертең-ақ «Қаныш өзіне магазин ашып алыптыны» шығарады. Деніміз



сау. Тиісті азық-түлігімізді қала дүкенінен де барып ала аламыз...

Сөйтіп, соңғы ұсынысым өтпей, мен шықтым кабинетінен. Артынан естісем, Қаныш ағай көзіне түскен кейбір қазақ баласын, «осының қандай ғылымға икемі бар екен?» деп, үнсіз ғана зерттеп жүреді екен де, ананың қолынан қандай істің келетініне көзі жеткеннен кейін, «қонақтар» арасынан сол ғылым «иесін» іздестіріп, ондай табылғаннан кейін көзіне түскен жігіт екеуін үйіне шақырып, таныстырып, біріне бірін ертіп жібереді екен. Қаныш ағайдың «икемді» деген жігіттерді ғылымға баулу тәсілінің бір түрі осындай болатын.

Қаныш ағайды сыртынан байқақтап жүремін. Бір күнге дөп келген «тоғыз қатынның толғағы» ол кісінің мінезі мен жүріс-тұрысына мүлде ықпал жасамағандай, баяғы сабырлығы мен байсалдығынан бір жазбайды. Оның үстіне, институттар бірінен соң бірі ашылған сайын оған қызмет сұрап барушылар да көбейсін, майданнан қайтушылар да көбейген... Бәрін қабылдауға уақыт табады. Кәдуілгідей отырғызып, сөзге тартып, өтінішін толық тыңдап, «Мына адрес бойынша мына институтқа барып, мына қағазды мына адамға тапсырыңыз», – деп, келушіні риза қылып жібереді. Сол күндері Қаныш ағай ұсынған орынға тастай батып, судай сіңіп кеткендерді көп көрдім. Тегі, он-он бес минуттық әңгімеде сол сұхбаттасушының қолынан не келетінін танып, біліп үлгіретін болу керек.

– Бөке, - деді – осы біз бір нәрсені естен шығарып жүрміз-ау.

– Нені, Қаныш аға? – деймін.

– Біз Мәскеу, Ленинград, Киев және басқа қалаларға докторлық, кандидаттық атақ алу үшін диссертация қорғауға, аспиранттық оқуынан өтуге адамдар жіберіп жатқанымызға ғана мәзбіз-ау.

– Енді не істеуге тиіс едік?

– Ғылым жолына түскен кейбіреулер балашағасымен кетіп жатыр. Ал олар барған жерлерінде қалай орналасып жатқанынан мүлде бейхабармыз.

Ғалымға жағдай жасағанда ғана ол ғалым болмақ.

– Онда бізден аттанғандармен хат арқылы хабарласып білеміз бе жағдайларын, қалай?

– Ғылыми командировкаға баратындар қолына көзделген қала кеңесіне филиал төрағасы атынан: «Осылай да осылай, Бәленше пәлен уақытқа докторлық яки кандидаттық ғылыми атақ алу үшін диссертация қорғауға бара жатыр. Содан уақытша болса да үй-жай берулеріңізді сұраймыз», - деген хат ұстатып отырсақ.

– Әбден болады, – дедім мен.

Сондай хатты Сіз дайындап отыруды қолыңызға алсаңыз. Ғылыми командировкаға баратындар бәрібір сізге соқпай кете алмайды ғой.

– Орындаймыз, Қаныш аға...

Бұл нұсқау соңынан заңға айналып кеткендей мүлтіксіз орындалатын болды. Кімнің қай қалада ғылыми жұмыспен жүргенінің тізімі һаманда өзінде болады. Сол қалаларға жолы түсіп бара қалғанда, аналар диссертация қорғауға дайындалып жатқан ғылыми мекемелерге кіріп, жетекшілерімен кездесіп, болашақ кадрының хал-жайын біліп отыру ағайдың айнымас әдеті болатын. Такырыбы күрделі диссертанттарының қорғауына арнайы барып қатысатын да.

## **БАЛҒЫМБАЕВҚА**

### **БАТА БЕРГЕН**

Келгеннен бері ағайды талайлар үйіне қонаққа шақырды. Олардың ішінде обком хатшылары, облатком төрағасы мен орынбасарлары, жергілікті өндіріс басшылары да бар екен. Шынын айтқанда, ағайда қонақтап жүретін бір минут бос уақыт болмайтын, жә, ағайдың өзінде де қазақ шаңырағына бас сұғудан қашу әдеті бола бермейтін. Сондай жағдайда жолды өзі тапты.

- Боке, - деді. - Басшы жолдастарға айтыңыз, бәрі өздері таңдаған бір үйге жиналсын. Біз де соған



барайық. Ал кімнің үйіне бас қосу керектігін өздері шешсін.

Мен тиісті адамдарға ағайдың сәлемін жеткіздім. Жергілікті жолдастар ұсынысты құп алып, дайындаған үйге уақытында келдік. Үй иесін сессияда көріп жүретінмін. Келіншегімен үйінде таныстық. Гурьев обкомының бірінші хатшысы Ғалиев:

- Қанеке, - деді, - сонау капиталист Нобельден бастап бүгінге дейін мұнай кәсіпшілігінде Балғымбаев деген қазақтардың 3-4 ұрпағы үздіксіз жұмыс істеді. Өзіңіз басқарған сессияның негізгі тақырыбына сай обкомның өндіріс бөлімінің меңгерушісі Өтеп Балғымбаев ініңіздің үйінде құрмет көрсетуді жөн көрдік сізге.

- Міне, осыларың жөн болған, - деді ағай...

...Манадан бері көрші бөлме жақтан нәресте дауысы шығып қалатын да, тегі уататын адамы жанында болса керек, тез басыла қоятын. Қаныш ағай киініп, алғысын айтып, зал бөлменің есігіне ұмтыла бергенде қарсы алдынан Өтептің келіншегі табыла қалды. Қолында - жөргектегі нәрестесі.

- Аға, мына мұнайшыға бата беріп кетіңіз...

Қаныш ағай әуелі нәрестені қос алақанына салып алды да:

- Бұл мұнайшының аты кім болады? - деді.

- Аты Нұрлан, - деді келіншек.

- Өмірі нұрлы болсын деген үмітпен ғой, аға, - деп қойды Өтеп те.

Қаныш ағай иіскеген кезде Нұрлан тыжырынып жатты. Сонан соң ағай:

- Үлкен азамат бол! - деп оны әлі де болсын көтере түсті де, қайта анасының алақанына салды...

## ӘН САЛСАҢ, ҚАНЫШТАЙ САЛ...

«...Үлгіде Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарасты ауыл. Аудан орталығы – әйгілі Ботақара Қаныш ағай біртүрлі көңілді отырды. Жұрт ағылып келіп сәлем беріп жатты. Мұндайда домбырасыз бола ма, ән де айтылды, күй де тартылды. Жұрт ағайға домбыра ұсынуға бата алмай отырды да, Қанекеннің өзі қол созғанша, домбыраны ұстата берді де, жым-жырт бола қалысты. Ағай домбыра құлағын бұрап, күйін келтіріп алып, зор нықтарын қосып, бір уақытта «Бүркітбайға» салсын-ай кеп:

*Бүркітбай әкем аты – Ғазіз Омар,*

*Ауылым айдын шалқар қолға қонар.*

*Құдайдың маған берген бір нәубеті*

*Қыздары Жанқозының маған құмар-ей-и-и...*

Өй, құлаққа жағымды коңыр дауыс кетпесін бе көтеріліп! Ағайдың Затаевичке 25 ән айтып бергенін оқығанмын. Ал өз аузынан естіп отырғаным осы. Музыкалық әуенді нақышына келтіретіні сонша, жаныңды жай тапқызады екен. Жұртта ес жоқ. Халқымыздан шыққан бірінші академик төрінде отырып ән шырқаған елдің қайбір есі қалсын!

Десек те, бұл халықта нысап жоқ екен. Ағай «Бүркітбайды» айтып болып, домбыраны ана жігітке ұсынғанда, ол алмады. Ал жиналғандар болса, енді ағайды кәнігі әнші-әртістей көріп: «Тағы да, тағы да» деп шуласын. Ағай домбырасын қайта күйіне келтіре бастағанда, жұрт тағы да жымдай болды. Енді ол Иманжүсіпке салды:



*Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,  
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.  
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас  
Нияздың Аюлы мен Қара-ай көлі.  
Қысырақтың үйірі жирен ала,  
Орыс, қазақ байлары жаспты жала.  
Туған елге бет алып шыққанымда  
Көрінуші ең алдымен, Ботақара.  
Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,  
Маған десең, төбемнен жаңбыр боп жау.  
Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,  
Көзіме бір көрінші, Ерейментау...*

Нақышты әуенсіз-ақ өзекті өртейтін ән! Оның үстіне бұл ән Қаныш ағайдың аузынан шыққанда сикыры өлшеусіз өсіп кете барады екен. Осы тұста мені тағы бір қайран қалдырған кұбылыс – Иманжүсіптің «Ерейментау» өлеңі қырық шумақтай болатын. Әлде көкейіне бұрыннан жатталып қалды ма екен, әлде соңынан әдейілеп жаттап алды ма екен, кұдай-ау деңіз, сол шумақтардың бәрін аспай-саспай отырып, кең көмейден кедергісіз шыққан биязы дауысымен, не бір сөзінде сүрінбей, не бір сөзінде бүлінбей, бірінен соң бірін, рет-ретімен айтып берсін...

Мен Қаныш ағайдың соңына жиырма жыл ерген

адаммын. Сүйікті ағамның дүниеден өткеніне де, міне, ширек ғасыр. Осы уақытта ол кісінің Үлгіде өткізген түніндей көңілді шағын көрген емен және ол кісінің сол түнгі сәл қимыл-қозғалысы көз алдымда мәңгі калыпты...»

## **АҒАНЫҢ САПАРДАҒЫ БОЛМЫСЫ**

Ағай үсті-басына ұқыпты адам болды деп айта алмас едім. Қыс болса – кара пальто, дағарадай үлкен малакай. Ол кісінің бас киім мөлшері «62» болатын. Жылдың басқа уақытында етегі тобығына жеткен ұзын макинтош, аса кең етектегі шляпа. Бейнебір салтанат, мәжілістерге арнап өзге костюм кию әдеті жоқ ол кісінде. Үлкендігінің өзі орта бойлы казакка пальто болып калатындай қоңыр костюмді тастамайды. Оның үстіне, ағайға дәл келе қоятын киім-кешек табыла қоймайды. Өншен 62-64 көлемді киімді қай дүкеннен табуға болады? Сондықтан да ағайға керекті киім әдетте ерекше тапсырыспен тігілетін. Ағайдың киім киісі жөнінде сөйлескенімізде, жеңгейдін:

– Ағаң қызық, – дегені бар. – Сәті түсіп, өзіне шак костюм алып қойсам, келесі күні міндетті түрде бұрынғы костюмін іздеп тауып алып, киіп жүре береді ғой. Ал қолыма жаңа макинтош түсіп, ескісінің үстіне іліп қойсам, ол келесі күні бұрынғысын іздеп жүреді. Осы мәселеде тіпті шаршап болдым. Ағаң үсті-басына ұқыпты емес-ау, ұқыпты емес. Москваға командировкаға кеткенде мен жанында болмаймын ғой. Өзің үсті-басын қатты қадағалап жүрші. Әсіресе көйлегін жуып, үтіктетіп қояудан жаңсақ жіберуші болма...

Ағайдың Мәскеу сапары да қызық болатын. «Москва» қонақүйінің 10-қабатында өзіне арналған люкс бар. Дайын тұрады. Орналасамыз. Оның алдымен баратын адамы - сол қонақүйдің директоры. Оның лауазымды адамдарымен тікелей сөйлесетін телефоны бар. Ертең бос жүріс болмауы үшін кездесетін адамдарымен алдын ала уақытты



тағайындамақ болып директорға кіреді. Директор біздің ағайды біледі. Орнынан атып тұрып қарсы алады және аса құпия ұстайтын телефонын алдына жылжыта береді. Ағай жайланып отырып алып, қалта дәптерін ашып, керек адамдарының телефон нөмірлерін асықпай-саспай іздеп отырады... Косыгинмен бір сөйлескені есімде қалыпты:

– Алексей Николаевич, саламатсыз ба? Сәтбаев қой. Мені кашан, қай уақытта қабылдай алар едіңіз?

– Қаныш Имантаевич, құдай үшін айтарым, Сізге менің есігім қай уақытта болсын ашық.

– Бүкіл елдің ісін жоспарлап отырған адам кез келген уақытта бос болады деп ойламаймын. Өзіңіз айтпақшы «кез келген уақытта» жетіп баруым Сізге қиянат болар еді. Бір уақытты өзіңіз тағайындаңыз және менің де артық уақытымның болмайтынын есіңізден шығармағайсыз. – Содан кейін ағай, тегі, ананың тағайындаған уақыты болса керек, дәптеріне бірденелерді түртіп алып жатады.

Мұнда да ағайдың келуін күтіп отыратын Мәскеу тұрғындары жетерлік. Бірде бір әйел келді «сәлемдесейін» деп. Сөйтсе, ол Затеевичтің қызы екен. Нашар тұратынын айтып келді. Сол жолы қазақ ән-күйін талмай зерттеушінің қызына ағайдың бұл дүниеде жоқ Затеевичтің зейнетақысын үнемі алып тұратындай етіп тағайындатып бергені бар.

Міне, тағы екі әйел келіп тұр. Бірі егделеу, бірі жас өнді. Келе Қаныш ағайды құшақтап, бірі қуанса, бірі жылап, кездесу қуаныштарын білдіріп жатыр. Артынан білсем, бұлар ағайдың ұстазы Усовтың әйелі мен қызы екен. Мен келушілердің бәрінің алдына Қазақ елінің дәмін ұсынамын. Осы үшін ағай маған ақша беріп қоятын. Шай үстінде Усовтың әйелі ағайға бір бөлмелі ғана құжырада тұратынын айтты. Осы жолы ағай бір жұмадай Мәскеу мекемелерінің арасында жүгіріп жүріп, ұстазының отбасына үш бөлмелі үй алып беріп қуантсын...

## **ҚОЛДАУШЫ БОЛМАСА, ҚҰЛАГЕР ДЕ ОЗБАЙДЫ**

Біразға созылған үнсіздікті тағы да ағай бірінші болып бұзды.

– Біздің жақта, Арка төңірегінде Қарағанды көмірін Анак Байжанов деген қойшы, Екібастұз көмірін Қосым Пішенбаев деген жер өлшегіш тапты деген әңгіме бар. Бекмағанбет Сұлтанғазиев деген қарапайым қазақтың 1928 жылы Айбат деген жерден мыс кенін ашқанын өзім куәландырғанмын. Қазақ жерінің атауына құлақ салыңыздаршы: Жезказған, Жезді, Кенді, Алтынбел, Қорғасын, Көмірлі... Әдетте кенді кім ашса, сол ат қояды... Осыған қарағанда жоғарыда аталған кен көздерінде оу баста қазақтар ашса керек. Сондай қазақ жөнінде бұл жақта әңгіме бар ма?

– Бар Қанеке. Осы ғасырдың басында геолог барлаушыларға бір торсық мұнай әкеліп, қай жерден алғанын көрсетіпті деп, Қызылбасұлы Бешім деген қазақты жұрт аузынан тастамайды ғой әлі күнге дейін, – деді үй иесі.

Ас арасында үзілім жасап, басқа бөлмеге барып, көсіліп отырғаннан кейін Ғалиев:

– Қанеке, – деді. – Күй тыңдауға қалайсыз?

– Күй елінен күй тыңдамай кету кешірілмес күнә болар еді.



Ғалиевтың иек қағуымен оңтайлау жерге жігіт шықты. Ол отыра калып алғы сөзсіз-ак домбырасын бірден сабалай бастады. Қаныш ағай сәл еңкейіңкіреп құлақ салды. Күй кернеген бөлмеде баска дыбыс жоқ... Күй аяқталғаннан кейін жігіт «тағы да тыңдайсыз ба?» дегендей Қаныш ағайға қарады.

- Әлгі күйді қайта ойна да мен белгі берген тұсында тоқтай қалшы, – деді ағай.

Жігіт домбырасын қайта безілдете жөнелді. Екі көзі ағайда. Бір сәтінде «тоқта!» белгісін көрсетіп еді, анау да күйді сол жерінде үзді.

– Алғаш тартқанында осы тұста бірдеңе жетпеді, – деді ағай. Жігіт «не жетпеді?» дегендей қонаққа тесіле қарады. Өзінің ауызы ашық қалыпты.

– Осы тұста бір октава жоғары алып күйінді қайда тартшы.

– Октава деген немене ағай?

– Бір буын төмен бас та, күйінді жалғай бер.

Жігіт күйдің сол тұсын ойнады да:

– Осылай ма? – деді.

– Е-е, қағып алдың. Енді күйінді басынан бастап осылай қайта ойна.

Жігіт ойнады. Байқаймын, ағай риза.

Содан кейінгі әңгіме Алматыда жалғасты. Әңгіме желісі үзілмесін, соны да айта кетейін. Бір күні маған Ақаң – Ахмет Жұбанов келді.

– Бөке, сізде бір күйшінің аты-жөні бар дейді ғой. Маған беріңізші. Мана Қанекен шақырып, «Гурьевке лаборатория ашуға бір ғалым бара жатыр. Бөкеңде бір болайын деп тұрған күйшінің аты-жөні бар. Алып, ана ғалымның қолына тапсыр. Ондай жігіттің орны сіздің ансамбіліңізде болса керек» деді.

Сол жолы менен ана жігіттің аты-жөнін алып кеткен Ақаң араға екі айдай уақыт салып тағы келді. Командировкаға бара жатқан ғалымдар есеп-қисабын менен алатын.

– Қанекен қызық, – деді ол. – Баска жұмысы аз-дай бір күйші жігіттің соңына түсіп алыпты.

– Баяғы аты-жөнін мен берген жігіт пе?

– Иә, лаборатория ашуға барған ғалым ол жігіттің істі болып қалғанын айтып келген. Е, Гурьевке бір барған жолда іздеп тауып алармын деп жүрген казакпын ғой, баяғы. Кеше Қанекен аяқ астынан шақырып алып, сол жігітті тағы сұрады. Мен ана ғалымнан естігенімді айтып едім, «Өзің бар. Біл. Кісі өлтірмеген болса, басқа қылмыстан құтқарып алып кел. Бұл жұрт талантты бағалай білмейді!» деп өзімді сөгіп тастады мүлде. Соған кетіп бара жатырмын.

Ақаң есеп-кисабын алып, сапарына солай жүріп кетті. Қайтып келген соң сұрасам, ана жігітті ансамбліне әкеліп қосып, оны Қаныш ағайға айтып шыққан екен... Ол жігіттің одан кейінгі тағдырынан хабарым болмады...

## ҚАНЫШ АҒА ӘЙЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ

...Жол сапары не айтқызбайды. Пойызбен жүрген бір сапарымызда ағай өзінен-өзі отырып, әйел жөнінде сөз қозғады.

-Үй камын әйел, ел камын еркек жейді. Ал еркектің қоғам алдындағы ерен міндетін орындау - әйелдің қолында. Әйелі ауқымды ойлай білетін еркек бақытты. Ал ауқымсыз әйел - еркектің соры.

Мен өзімді алғашқыға жатқызамын. Бір казак, бір орыс - екі әйелім бар. Шәрипаға жастайымнан әкем қосты. Ақ жарқын, кең мінезді әйел. Өмірімде «Әй, сен Қаныш, үш баламен тастап, орыстан әйел алып кеттің ғой» деп айыптаған емес. Не болмаса, «Қаныштың мұнысы несі? Қайтсын балаларына» деп араға не менің туыстарымнан, не өз туыстарынан адам салған емес. Не болмаса, «Бала-шағасын тастап кеткен адамды қалай ұстап жүрсіңдер» деп жоғарғы жаққа арызданып, яғни мені өмірімде мазалап, «Әкелерің сөйтіп кеткен» деп балаларыма жек көрінішті етіп көрген жан емес.

Алексей қызы Таисияны өзің білесің. Жесір отырған бір орыс әйелінің қызы екен. Семейде жолықтық. Мен жанұям барлығын жасырған

жокпын. Қазак әйелінің қаладан-қалаға ауысатын көшпелі өмірге серік болатындай дәрежеге жете қоймағанын, сондықтан да әйел тегінен өмірлік серікке мұқтаж екенімді айттым. Таисия ұсынысымды қабылдады. Қанисаны Қ.Сәтбаевтың қызы қолыма Қарсақбайда тұрғанда алдым. Таисия жеңгеннің баласындай болып өсті.

Соғыстан кейін Алматыға Шәрипа мен Шәмшияны екінші қызы алдырдым. Балаларды астанада оқыту керек болды. Екі үйім араласып тұрды. Таисия Шәрипаны қонақ қылады, Шәрипа Таисияны қонақ қылады және бірін-бірі бар ықыластарымен күтеді. Десем де, бертін келе Таисия жағынан мынадай бір мінез байқадым: Шәрипаның шақыруына бармай қалатын болды үйде. Өзім жалғыз кетемін. «Мұнысы несі екен?» деген ойда жүрдім. Ондай ой еркекті қандай езіп жібереді десейші. Алайда бір күні соның бәрі ғайып болды ғой. Сөйтсем, Таисиям мені Шәрипамен қысылмай сөйлесіп, өзі де жадырап, өзгені де жадыратып, көңіліне қанат бітіріп, еркін отырсын деп жалғыз жібереді екен Шәрипаға. Шәрипадан екеу, Таисиядан екеу - төрт қызым бар. Бәрі де екі ананың арасында араласып өсті. «Қазак әйелінен туғансыңдар» деп Таисия Қаниса мен Шәмшияны, «Орыс әйелінен туғансыңдар» деп Шәрипа Мейіз бен Мәрияшты алақөздеп көрген емес.

Мәрияштан басқа қыздарым уақытында тұрмыс құрды. Бақытыма қарай, күйеу балаларым да жақсы жігіттер болып шықты. Шәрипа мен Таисия бұлардың бәрін де құшақ жайып, алаламай қабылдады. «Сендер қазак әйелінің қызының күйеуісіңдер» деп Таисия, «Сен орыс әйелінен туған қыздың күйеуісің» деп Шәрипа оларды сыртқа теппеді.

Осындай әйелдерді әулие демеске не шараң бар! Менің ойға алған істерімнің үлкен нәтижеге жетуінің бір себебін осы екі әйелімнің жақсылығынан көремін. Тұрмыс мәселесінде өзімді бақытты еркектің деп санаймын, - деп шешілгені бар ағайдың...

# ҚАНЫШТЫҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛҒАН?

«...Алматыға көмек сұрап келгендер болса, ағай мені шақырып: «Мына ақсақалға пәленбай мың сом керек болып тұр екен. Менің келесі айлығымның есебінен берші», - деп өзі қолхат жаза бастады.

Бірде мені шақырып алды. Алдында бір ел ақсақалы отыр екен.

- Мына кісі 15 мың сомға мұқтаж екен, менің есебімнен өтеші, - деп қолхат берді.

Тағы бірде мынадай оқиғаның орын алғаны бар: Шығыс Қазақстанның бір орысынан хат келеді. Оқыдым: «Өткен жылы бір геологиялық партия біздің төңірегімізде зерттеу жұмыстарын жүргізген еді. Соның бір адамы келіп, қиындыққа ұшырап тұрғандарын және Сіздің атыңызды атап, менен 20 мың сом алып кеткен еді, «Алматыға барысымен жіберемін» деп. Сол ақша әлі күнге дейін менің мойнымда. Сіздің атыңызды атап келгеннен кейін ұстата берген едім. Сол қарызды қайтаруға көмектессеңіз екен», - деп жазыпты.

- Осыған менің келесі айымның ақшасын жіберіңізші, - деп қолхат ұсынды.

- Қаныш аға-ау, - деймін мен, - ол ақшаны кімнің алғанын табу оңай ғой. Былтыр Шығыс Қазақстан облысына барлау жұмыстарын жүргізген партиялар тізімі менде...

- Түу, Бөке, соған уақытты ысырап қылып... Уақытың болса, еңбек етіп ақша табуға болады. Ал ақшаға уақыт сатып алуға болмайды ғой, - деген ағай қолхатын қолыма ұстатып жіберді. – Енді менің уақытымды алмаңыз.

Әрине, мен мұның бәрін өтеймін. Артынан еңбекақы алу уақыты келгенде мен ведомость пен қолхаттарын алып барамын. Қолхат арқылы берген шығындар мен ведомостьтағы шығыны сәйкес келе ме, келмей ме, оны салыстырып жататын Қаныш ағай және жоқ. Қолхатын жыртып, корзинаға тастай береді де, ведомостька қол қояды.

Мысалы, Нұрмағамбетов Нағымбек деген

суретші болды. Ленинград бейнелеу академиясында оқып жүргенде барып-келу сапарлары үнемі ағайдың қалтасынан. Уақытында шауып келеді де, алып жүре береді. Бір күні Қаныш ағайдан: «Осыныңыз не?» - деп сұрадым.

- Бөке, Сіз қызыксыз, - дейді ағай. – Қыздарым тұрмыс құрды. Бәрі де ғылым докторы. Мен, жеңгең, Мәрияш үшеуімізге жеңгеңнің табысы былай жетеді. «Соған сактайыншы» дейтіндей менде ұл бала жоқ. Мәлібайым дүниеден ерте кетті. Әлгінде бір студент 500 сом сұрап келді. Мәлібайым сұрап тұрса, бермес пе едім. Сол сияқты анаған да... ана болашақ суретшіге де. Ол талантты жігіт. Талантка көмектесу керек. Егер ол жақсы суретші болып, қазақ өнерінің дамуына үлес қосса, оған жұмсалған шығынымыздың орнына келгені ғой. Осылай, Бөке, - деді.

Жеңгей Геология институтында бөлім бастығы болып істеген. Ол да айлығынан бас тартқан адам. Бір күні жеңгейге: «Мұныңыз не?» - деймін ғой.

- Ағанның еңбекақысы да жетеді. Ал менің еңбекақымның есебінен басқалардың еңбекақысын көтерсін, - дейді.

Мен кайран қаламын. Ағай жеңгейдің еңбекақысына сенеді екен, жеңгей ағайдың. Ал ол еңбекақылардың қайда кетіп жатқанынан хабар бердік. Сонда бұлар қалай өмір сүреді, жалпы?

«Ағама жеңгем сайдың» тура өзі ғой...

*Дерек: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бірінші әйелі – Шәрипа Смағұлқызы Имантаева, екінші әйелі – Таисия Алексеевна Кошкина. Қыздары – Ханиса, Шәмшиябану, Мейіз, Мәрияш. Ұлдары – Мәлібай (Мәлеи) және Арслан. Арслан туғаннан соң аз уақытта шетінеген. Ал Мәлібай Қанышұлы 14 жасында өмірден озған.*

**«Қаныш аға осындай еді...» кітабынан.**

Естелік айтушы -

Қаныш ағаның көмекшісі болған  
Бөпежан Аяпбергенов.

Естелікті қағазға түсірген -

Қалмұқан Исабай.